



14-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭСТЕТИКА

Антика көркемдік дәуір ретінде





## АНТИКА КӨРКЕМДІК ДӘУІР РЕТІНДЕ

1. Антикалық өнердің ерекшеліктері
2. Реалистік мифология
3. Романтикалық мифология
4. Әдеттегі сананың мифологиясы

Құрметті тыңдаушылар, алдыңғы дәрісімізде мифологиялық ойлауды қарастырудан өнердің тарихын талдауды бастадық. Келесі бірнеше дәрісіміз осы тақырыптарды қамтиды. Бүгінгі тақырыбымыз Антик дүниесі өнерінің, яғни ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны ерекше. «Антик – (көне, ежелгі)» деген ұғым. Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген бұл терминді итальян ойшыл-гуманистері грек-рим мәдениетіне байланысты қолданған. Бұл атаудың түп-төркіні «ежелгі», «көне», «қадым заман» мағынасын беретін «антиквос» деген латын сөзінен шыққан. Көне мемлекеттерінің мол, мәдени мұрасы еуропаның барлық халықтары өнерінің, көркем әдебиетінің, философиясының, театрының және т.б. дамуына, саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасуына елеулі ықпал жасады.

«Көне», «қадым заман» мәдениетінің негізін қалаушылар ежелгі гректер екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Олар өздерін «Эллиндер»; ал өз елдерін «Эллада» деп атаған. Антик дүниесінің мәдениеті біздің заманымыздан бұрынғы бір мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында қалыптаса бастаған. Оның он бес ғасырдай уақытын қамтитын ұзақ ғұмыры біздің заманымыздың V – ғасырда Рим империясының құлауымен аяқталды.

Қазақстандағы мәдениеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі профессор Тұрсын Ғабитовтың айтуы бойынша: «Мәдениет тарихының қай кезеңін алсақ та, ол өзінің баға жетпес мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді. Сондықтан да болар, ғалымдар көне мәдениеттің ішінде, әсіресе, грек мәдениетіне ерекше мән береді, өйткені ежелгі Грекияның әдебиеті, өнері, философиясы және т.б. ғасырлар бойы Еуропаның барлық елдерінің ақындарына, мүсіншілеріне, суретшілеріне, жазушыларына, композиторларына сарқылмас шалқар шабыт берді».

Грекияның көне мәдениетінің тамыры тереңде жатыр, өйткені, оның бастауында б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Грекия жері мен Эгей теңізі аралдарын мекендеген тайпалардың өркениеті жатыр. «Эгей» өркениеті мәдениеттің қайнар бұлағы болды, міне сондықтан да грек халқының ежелгі мәдениетінің ең ерте шағы Эгей өнерімен сабақтас. Б.з.д. II – мыңжылдықта Эгей мәдениетінің аса маңызды орталықтары Крит аралы мен Пелопоннес түбегіндегі Микены болғандықтан Эгей өркениетін Крит-Микены мәдениеті деп атайтын болған. Грек аңыздарына қарағанда Крит – ұлы жебеуші, найзағай тәңірі Зевстің туған жері. Аңыз бойынша гректердің ең басты құдайы Зевс бұқа бейнесіне еніп, Финикия патшайымы, асқан сұлу Еуропаны алып келеді, ал одан аралдың болашақ билеушісі Минос туған. Атақты Геракл өз ерліктерінің бірін дәл осы Крит аралдарында жасаған, құтырған бұқаға бас үйреткен. Гомер де өз дастандарында бұл арал қалаларының бай екендігін мадақтай көрсетеді. Ал шындыққа белгісіз кейбір аңыздарда Зевс пен Еуропаның баласы Минос ел билеуші патшалардың ішіндегі ең әділеттісі болыпты-мыс дейтін деректер бар. Алайда Критте осындай есімді патша тек мифологиялық шығармаларда ғана емес, грек тарихшыларының еңбектерінде кездесетінін естен шығаруға тағы да болмайды. Крит жайында египеттік текстерде де кейбір деректер ара-тұра кездесіп қалады.

V ғ. ортасына қарай Афины қаласы бүкіл грек елінің ең ірі мәдени орталығына айналды. Елдің түкпір-түкпірінен жиналған дарынды мүсіншілер, шеберлер мен құрылыс мамандары астананың сол кездегі сәулет және мүсін өнерінің тамаша үлгісіне айналуына зор үлес қосты. 200 мыңнан астам халқы бар Афины сол дәуір тұрғысынан алып қарағанда 10 мыңнан астам үйі бар үлкен қала болып саналатын. Өнер саласындағы кереметтердің кереге көтеруі, Афины қаласының акрополи Перикл мен оның жан досы Фидийдің есімдерімен тығыз байланысты болды.

Ежелгі грек жұртының мүсіншілері әрі сұлу, әрі сымбатты рухани жан дүниесі бай кейіпкерлерді асқан шеберлікпен бейнелей білген. Сондай ғаламат туындылардың бірі – «Милосск Венерасы» Адамзат баласының сан мың ұрпағын осы уақытқа дейін таң қалдырған таңғажайып ескерткіштің авторы – Кіші Азиялық мүсінші Агесандр. 1820 ж. Жерорта теңізінің бір аралынан табылған бұл бейне қазір Парижде, Лувр музейінде сақтаулы. Агесандрдың қолынан шыққан махаббат құдайы Венераның бейнесі өзінің құдіреттілігімен таң қалдырады.

Антикалық сәулет өнерінің шыңы – ежелгі заманның өзінде-ақ дорийлік стильдің ең тамаша ескерткіші деп танылған Парфенон сарайы еді.



Әдебиет саласында да тамаша туындылар өмірге келді. Солардың ішінде шоқтығы биік ақын Гесиод болды. Ол жазған «Теогония» және автордың өзінің өмір жолына арналған «Еңбектер мен күндер» атты дастандары гректердің көңілінен шықты. Жаңа лирикалық поэзиялық жанрдың көрнекті өкілдері Архилог, Солон, Алкси, Анакреонт және т.б. Архаикалық мәдениет дүниежүзілік мәдениетте айрықша рөл атқарған Эллада тарихындағы жаңа кезеңге – классикалық гүлдену дәуіріне даңғыл жол ашып берді.

Б.з.д. V-IV ғасырда жасалған сәулетшілердің, мүсіншілер мен суретшілердің даңқты өнер туындылары кейінгі ғасырларда да үлгі-өнеге алуға лайық болды, сондықтан да оларды классикалық мұра, яғни үлгі деп есептейміз.

Ал, эллинизм дәуірінің мәдениеті – ертедегі грек құлиеленушілік қоғамының соңғы, аяқталған кезеңі болды. Грекия тарихындағы бұл тарихи кезең Александр Македонскийдің (б.з.д. 356-323 жж.) бүкіл Грекияны жаулап алуымен тығыз байланысты болды. Ол 10 жыл ішінде, б.з.д. 334 жылдан 324 ж. дейін, Кіші Азия жағалауынан Үндістан шекараларына дейін, Қара теңізден Араб сахараларына дейінгі ұланғайыр жерді басып алды. Ежелгі дүниеде дәл осындай орасан зор мемлекет ешуақытта да болып көрмеген болатын. Сөйтіп, грек мәдениеті тарихында эллинизм кезеңі басталды. Бұл дәуір Александр Македонский державасының барлық жерінде грек мәдениетінің таралу дәуірі болды, яғни бұл кезеңді Шығыс және Батыс елдері мәдениетінің тоғысу кезеңі десек қателеспейміз.

Этрустар мәдениеті Апенин түбегіндегі ең көне өркениет болып саналады. Б.з.д. I мыңжылдықта Орталық және Солтүстік Италияның жерінде Этрустық мемлекет – қалалар федерациясы құрылды. Этрустардың шыққан тегімен олардың тіл құпиясы осы уақытқа дейін толық ашылған жоқ. Көптеген ғалымдардың пікірінше, олар Италияға Кіші Азиядан б.з.д. IX-VIII ғғ. келген және олардың мәдениеті Италия топырағында гүлдену шегіне жеткен. Этрустар егіншілікті жетік меңгерген. Оған дәлел ретінде олардың жасанды суландыру жүйесіне кеңінен пайдалануы мен батпақты жерлерді құрғатып құнарлы жерге айналдыруын айтсақ та жеткілікті сияқты. Грек аңыздарында этрустардан шыққан ер жүрек теңіз қарақшылары туралы айтылады. Б.з.д. VIII-VI ғғ. Этрурия ықпалы Жерорта теңізі өңірінің бүкіл батыс жартысына тарады. Этрустар салған жолдар, көпірлер және қазған каналдар құрылыс техникасының жоғары дамығандығын көрсетті. Олар туралы Рим тарихшылары таңырқай жазған.

Б.з.д. VI ғ. Этрурияның 12 ірі қаласын біріктірген одақ қалыптасты. Бұл федерацияның діни орталығы Вольсини қаласы болды. Б.з.д. VI ғ. бастап этрустер өркениетіне Италияның оңтүстігіндегі грек отарлары арқылы эллиндік мәдениеттің ықпалы тие бастады. Олар грек алфавитін пайдаланатын болды, тіпті алтын теңгелерде грек үлгісі бойынша құйылды. Ең бастысы – ежелгі Элладаның өнері, дәлірек айтқанда театр өнері, мүсін өнері және т.б. ерекше әсер етті. Этрустардың әлем туралы, дүниенің жаратылуы туралы түсініктері вавилондықтарға өте ұқсас болды, ал мұның өзі оларға шығыс елдері мәдениетімен де жақындастыра түсті.

Б.з.д. VII-VI ғ. Этрурия шеберлері Жерорта теңізінің барлық елдеріне танымал өзгеше керамика жасауды меңгерді және асыл металдарды өңдеу тәсілдерін жетік меңгерудің арқасында өте нәзік зергерлік бұйымдар жасауды жолға қойды.

Этрурия мәдениетінің гүлденген кезеңі б.з.д. VII-V ғ. Бірақ үздіксіз соғыстар мен әлеуметтік қақтығыстардың салдарына саяси қуатынан айрылған Этрурияның мәдениеті де V ғ. басынан бастап құлдырай бастайды. Б.з.д. 474 ж. Оңтүстік итальян қалаларының біріккен флоты этрустарға күйрете соққы берді, сөйтіп құлиеленушілік Рим біртіндеп бүкіл Этрурияны өз қол астына бағындырып тынды. Саяси дербестіктен айрылған соң Этрус өнерінің өзіне тән ерекшеліктері кеми бастады. Алайда, Этрурия өнері Эллин мәдениетінің ықпалымен біржола жоғалып кеткен жоқ, өз кезегінде бұл ежелгі мәдениет көршілес итальян халықтарына, оның ішінде, әсіресе, римдіктерге орасан зор ықпал жасады.

Тарихи деректерге қарағанда, Римдегі этрустар үстемдігі б.з.д. 510 ж. аяқталды, көтеріліске шыққан халық Тарквиншілер әулетінің соңғы патшасы Гордыйды (б.з.д. 534/533-510/509ж.) тақтан түсірді. Этрустар қуылғанан кейін Рим республикасының кезеңі басталды. Б.з.д. IV-III ғасырларда Рим этрус қалаларымен қоса, бүкіл Апенин түбегін өзіне бағындырды, ал III-I ғасырлардағы қантөгіс соғыстарда римдіктер өздерінің басты бәсекелесі Карфагенді күйретіп, одан соң іле-шала Грекия мен Шығыс Жерорта теңізі өңіріндегі біраз мемлекеттерді жаулап алды. Бұл жайында аса көрнекті грек тарихшысы Полибий былай деп жазды: «Римдіктер белгілі дүниенің бәрін дерлік өзіне бағындырып алды, сөйтіп, өз құдіретін ата-бабаларының үш ұйықтаса түсіне кірмеген, ал кейінгі ұрпақтары басып оза алмайтын шырқау биікке көтерді. Б.з.д. I ғасырда Рим ежелгі дүниенің аса ірі құл иеленуші мемлекетіне айналды». Дүние жүзілік өркениетке гректердің де римдіктердің де қосқан үлесі ұшан теңіз, бұл ұлы халықтар бірін-бірі толықтырып отырды. Міне, сондықтан да болар, қазіргі Еуропа мәдениетінің іргетасын қалау – бұл ұлы



халықтардың ортақ мақсаты. Б.з.д. 146 ж. Коринф қаласының қалауымен антика тарихының гректік дәуірі аяқталады. Ионий теңізінің жағасында орналасқан бұл қала грек мәдениетінің басты орталығы болатын, бірақ гүлденген бұл мәдени ошақты Рим консулы Муммийдің солдаттары жоқ қып жібереді, ал өртенген сарайлар мен храмдардағы асыл қазыналар Римге жеткізіледі.

Рим сәулетшілері ғимараттарының өзіндік ерекшелігі, олардың мемлекет қажеттілігін ескеріп салынуы болатын. Сондай таңғажайып ескерткіштердің бірі Римді оңтүстік Италия қалаларымен жалғастыратын ең атақты, ең ежелгі жол – Аппий жолы болып саналады. Мұның құрылысын б.з.д. 312 ж. Аппий Клавдий қолға алған болатын. Бұл жол талай тарихи уақиғалардың куәгері, өйткені, осы жолдың бойында б.з.д. 71 ж. Спартак көтерілісіне қатысқан құлдар асып өлтірілген.

Б.з.д. III-II ғ. аралығында Рим құрылысшылары сәулет өнерінде берік те су өткізбейтін бетонды алғаш рет пайдаланды. Бұл жаңалықтың арқасында ірі ғимараттар мен күмбезді шатырлар салуға мүмкіндік туды. Әлемнің ойшыл алыптарының бірі – аса көрнекті қоғам қайраткері, от тілді, орақ ауызды, күміс көмей шешен, дарынды заңгер, философиясының білгірі, тамаша жазушы ұлы ғұлама Цицерон болды (б.з.д. 106-43ж).

Антика дәуірінде, хронологиялық тұрғыдан барлық көне дәуірлерге тән мифологиялық ойлау немесе сана ерекше маңызды орынға ие болады. Юрий Боров өз зерттеулерінде антикалық мифологизмнің үш түрін сараптайды. Олар: релистік, романтикалық және әдеттегі сана мифологизмі. Енді осыларға тоқталып өтейік.

**Реалистік мифологизм** бойынша адам, қорқынышты жеңе отырып, өмірінің құнымен өзінің құндылықтарын ерлікпен қорғайды.

Антикалық трагедия адамның әлі игерілмеген, оған бағынбайтын күштерімен соқтығысуын көрсетті, бұған мысал ретінде Софоклдың Эдип патшасын айтуымызға болады. Грек трагедиясында бейбітшілікті білдіретін заттардың тұрақты тәртібінің кез-келген өзгеруіне қарсы: ол жеткіліксіз біліммен әрекет ету үшін де, жаңа заттар ойлап табу әрекеті үшін де жазалайды. Антикалық қоғам – адамзат тарихындағы алғашқы мемлекеттік қоғам. Осы уақытта адам мен мемлекеттің алғашқы қайғылы қақтығысы пайда болды. Ежелгі грек өнері философиялық, діни, ғылыми және моральдық идеяларды қамтиды. Антикалық мифологиялық реализм үшін жеке тұлға мен қоғамның бірлігін, индивидтің ішкі дүниесінің үйлесімділігін бекіту тән.

Антика әлемді мифологиялық түрде түсіндірді. Бұл бір мезгілде әлемге шынайы және иллюзиялық-фантастикалық көзқарас болды. Антикалық өнердің кейіпкерлері-бұл сөздің тікелей және жоғары мағынасындағы батырлар. Грек өнері адамның батырлық тұжырымдамасын бекітеді.

Архаикалық дәуірде әдебиет саласында лирикалық жанр үстемдік етсе, ендігі жерде трагедия мен комедия жанрлары басты орынға шықты. Бұл трагедиялар грек театрларының басты қойылымдарына айналды. Жалпы грек театры ойын-сауық отауы ғана емес, нағыз халықтың тәрбиешісіне айналды, грек жұртының сана-сезімі мен өмірге деген көзқарастарын қалыптастырды.

**Ал, романтикалық мифологизм болса, батылдық ол – адамсүйгіштікке деген жол көзқарасты ұсынады.** Антикалық кейіпкер белсенді және пәрменді. Оның тағдырын билейтін «құмарлы» тұлғаға ол мүлдем ұқсамайды. Ол қажеттілікке бағынғанымен, кейде тіпті өз өліміне қарсы тұратын күші болмаса да, күреседі және тек еркін әрекет арқылы қажеттілік пайда болады. Антикалық адам таң атысымен тұрып, шығып келе жатқан күнді ғибадат айтып қарсы алған. Кейіннен бір тостақ шарап пен бір тілім нан жеп, үйінен шығады. Шеберханаларында отыратын қолөнершілер мен сауда орындарында отыратын саудагерлерден басқасы, кез-келген еркін азамат таңерттен өз күнін көшеде өткізген. Антикалық адамды өз күнін көшеде өткізуге әлемде болып жатқанды білу қызығушылығы түрткі болған. «Не естіліп тұр?» деген сөз газет, журнал, теледидар жоқ заманда өзекті сұрақтардың бірі болған. Қоғамда орнаған тәртіптер антикалық адамға кез-келген адаммен жеңіл қарым-қатынас орнатуға, өзара әңгімелесіге мүмкіндік берген. Қоғам демократиялық болғандық қоғамдағы кез-келген азамат саяси істерге араласа алған.

**Қарапайым сананың мифологиясына келетін болсақ, батырлық күлкілі кейіпте; тыныштықтағы қуанышты, көңілді, сұлулықпен, махаббатпен өмірді жағымды деп көрумен сипатталады.**

Лирика антикалық көркем мәдениетте тұтас қабат болды. Лирика ән шырқап, сатираны қолдай отырып махаббат ертегілерін ақындыққа арқау етті. Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады, онда автордың немесе



Кітап: Эстетика  
Дәріс: Антика көркемдік дәуір ретінде  
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

кейіпкердің дүниеге көзқарасы, оның сезімін, нақты ойі көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Кез келген сезіну мен толғаныс Лирика тудыра алмайды, әлеуметтік-толғаныстар Лирика тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, Лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады.

Антикалық лириканың пайда болуы еркін ақынның пайда болуымен байланысты. Яғни, ақын өзін тұлға ретінде қалыптастырып, өзін табиғат және топтан алшақтатып алды. Антика уақытында «лирика» деген терминді «мелика» (гр. «мелос»- ән) деген сөз басты. Лирика деген сөз музыкалық құралдармен сүйемелденетін жанрын сипаттайды. Ол музыкалық құралдарға – лира, кифара, флейта жатады.

Антика лирикасының бір түріне – элегияны жатқызамыз. Элегия – ойлы, мұңға толы, қаралы характерде жазылған музыкалық пьеса. Элегияның бастапқыда моральдік-саяси маңызы мен мағынасы басым болды, кейіннен эллинистік және Рим поэзияларында (Тибул, Овидий) махаббат тақырыбына көп көңіл бөліне бастады.

Жалпы Антика дәуірі әлемдік мәдениет тарихында елеулі жетістіктерге жеткен мәдениет пен өркениет ошағы ретінде жоғары бағаланады.